



**2024 жылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар тізбесі**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:

«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
1	Қаржы қызметінің басшысы-бас бухгалтер	Академияның қаржы саясатын және тиісті рәсімдерді қалыптастыру және іске асыру; Академияның қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін ұйымдастыру	Академияның қаржылық және материалдық ресурстарына билік ету мәселелері бойынша шешім қабылдау құқығының болуы
2	Персоналды басқару орталығының басшысы	Академияның кадрлық мәселелерін реттейтін кадр саясаты мен рәсімдерін әзірлеу және іске асыру	Іріктеу және бейімдеу; персоналды ынталандыру, мотивация және дамыту, резервті бағалау және қалыптастыру
3	Мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы	Академияда мемлекеттік сатып алу мәселелерін регламенттейтін құқықтық қамтамасыз ету мен рәсімдерді әзірлеу және іске асыру	Академия және оның филиалдарының тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу жөніндегі жұмысты үйлестіру және бақылау
4	Цифрлық технологиялар орталығының басшысы	Жеке пайдаланушының және Академияның корпоративтік желісінің жұмыс өнімділігіне әсер ететін жаңа техникалық шешімдерді енгізу; бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу	Бағдарламалық және аппараттық жүйелерді, интернетті орнату және конфигурациялау, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізушілермен жұмыс

5	Маркетинг және коммуникациялар орталығының басшысы	Академияның стратегиялық бастамаларын іске асыру үшін жобаларға басшылық жасау; Академияның маркетингтік стратегиясын әзірлеу және іске асыру	Имиджді насихаттау және PR бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізушілермен жұмыс
6	Инфрақұрылымдық қызмет көрсету қызметінің басшысы	Негізгі қорларды ағымдағы және күрделі жөндеу жоспарларын әзірлеуді; шаруашылық шығыстар сметасын жасауды; жанар-жағармай материалдарының шығысын; материалдық құндылықтардың жай-күйін; жабдықтардың жарамдылығын; тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жоспарына енгізуге өтінімдерді жасауды, өзгерістер мен толықтырулар енгізуді және шарттық міндеттемелерді орындауды бақылау	Материалдық-техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыз ету бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізушілермен жұмыс
7	«Жас мемлекеттік қызметшілерге арналған үй» қызметінің басшысы	Жатақхана қызметкерлерінің қызметіне басшылық жасау және үйлестіру; жатақханаға кіргізуді және одан шығаруды жүзеге асыру, жатақханада тұратындарды және шыққандарды уақтылы және дұрыс тіркеуді бақылау; жатақханадан шыққандарға айналып өту парақтарын белгілеу және берешектің жоқтығы туралы анықтама беру	Жатақхананы қажетті материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізушілермен жұмыс; тұрғын үй қатынастарын реттеу, «Жас мемлекеттік қызметшілерге арналған үйге» кіргізу және одан шығару мәселелері
8	Білім беру саясаты орталығының басшысы	Қажеттіліктерді болжау негізінде білім беру саясатын әзірлеу; Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына, жұмыс берушілердің талаптарына, әлемдік жетекші практикаларға сәйкес білім беру процесінің сапасын мониторингілеу, бағалау және дамыту	Білім алушылардың қалыптасуы мен қозғалысы бойынша рәсімдерді ұйымдастыру және іске асыру; білім беру қызметінің академиялық және есептік саясатын жүргізу
9	Дипломатия институтының директоры	Кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу, оқуға қабылдау процесіне қатысу, институт мамандықтары бойынша оқуға үміткерлерді іріктеу критерийлерін әзірлеу; профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік персоналды іріктеуге және жалдауға, сондай-ақ Академияның тиісті бөлімшелерімен бірлесіп олардың біліктілігін	Білім алушылардың қалыптасуы мен қозғалысы бойынша рәсімдерді ұйымдастыру және іске асыру; білім беру қызметінің академиялық және есептік саясатын жүргізу

		арттыруға қатысу арқылы институттың кадрлық, зерттеу және ұйымдастыру әлеуетін қалыптастыру және дамыту	
10	Мемлекеттік саясатының ұлттық мектебінің директоры	Кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу, оқуға қабылдау процесіне қатысу, МСҰМ мамандықтары бойынша оқуға үміткерлерді іріктеу критерийлерін әзірлеу; профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік персоналды іріктеуге және жалдауға, сондай-ақ Академияның тиісті бөлімшелерімен бірлесіп олардың біліктілігін арттыруға қатысу арқылы МСҰМ кадрлық, зерттеу және ұйымдастыру әлеуетін қалыптастыру және дамыту	Білім алушылардың қалыптасуы мен қозғалысы бойынша рәсімдерді ұйымдастыру және іске асыру; білім беру қызметінің академиялық және есептік саясатын жүргізу
11	Басқару институтының директоры	Кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу, оқуға қабылдау процесіне қатысу, институт мамандықтары бойынша оқуға үміткерлерді іріктеу критерийлерін әзірлеу; профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік персоналды іріктеуге және жалдауға, сондай-ақ Академияның тиісті бөлімшелерімен бірлесіп олардың біліктілігін арттыруға қатысу арқылы институттың кадрлық, зерттеу және ұйымдастыру әлеуетін қалыптастыру және дамыту	Білім алушылардың қалыптасуы мен қозғалысы бойынша рәсімдерді ұйымдастыру және іске асыру; білім беру қызметінің академиялық және есептік саясатын жүргізу
12	Кәсіби даму институтының директоры	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру семинарлары мен қайта даярлау курстарын әзірлеу, бекіту және іске асыру процесін үйлестіру; қысқа мерзімді оқытудың нәтижелілігін арттыру мақсатында тақырыпты айқындау жөніндегі жұмысты үйлестіру және практикаға бағытталған зерттеулерді ұйымдастыру; кадрларды іріктеуге және жалдауға қатысу арқылы институттың кадрлық, зерттеу және ұйымдастырушылық әлеуетін қалыптастыру және дамыту, сондай-ақ олардың біліктілігін арттыру	Қайта даярлау курстары мен біліктілікті арттыру семинарларын ұйымдастыру бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізушілермен жұмыс

13	Адами ресурстарды басқару институтының директоры	Мемлекеттік қызметшілердің құзыреттері мен әлеуетін дамытуға бағытталған жобаларға қатысу; мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері үшін мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың кадр қызметтерімен бірлесіп жеке даму бағдарламаларын әзірлеуге қатысу	eQyzmet ААЖ әдістемелік сүйемелдеу бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізушілермен жұмыс; мемлекеттік қызметке қабылдау үшін тестілеу өткізуді және/немесе кәсіптік білімі мен сапасын бағалау жөніндегі өзге де іс-шараларды ұйымдастыру
14	Қолданбалы зерттеулер институтының директоры	Академия қызметкерлерінің зерттеу және сараптамалық жұмысын үйлестіру және жәрдемдесу, мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтің саяси, құқықтық, әлеуметтік және экономикалық аспектілері бойынша, мемлекеттік аппарат қызметін бюрократияландыру бойынша талдамалық өнімді ілгерілету; ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша Академияның ішкі конкурсын өткізу	Ғылыми-зерттеу қызметі бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізушілермен жұмыс; ғылыми өнімді талдау және қабылдау
15	Академия филиалдарының директорлары	Филиалдың тиімді қызметін ұйымдастыруды және әкімшілік басшылықты жүзеге асыру; филиалдың шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасау; қабылданатын шешімдердің орындалуын, филиал мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету; Академия басшылығымен келісу бойынша оқу процесін және филиал қызметінің басқа да бағыттарын ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді шешу; филиал қызметін жүзеге асыру үшін қажетті қосымша қаржыландыру көздерін тартуды қамтамасыз ету	Кадрларды іріктеуге және жалдауға, сондай-ақ Академияның тиісті бөлімшелерімен бірлесіп олардың біліктілігін арттыруға қатысу арқылы филиалдың кадрлық және ұйымдастырушылық әлеуетін қалыптастыру және дамыту; Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шектерде бұйрықтарға, сенімхаттарға және өзге де құжаттарға қол қою; өз құзыреті шегінде филиал қызметіне байланысты кез келген мәмілелер жасасу және Академия атынан шарттарға және өзге де қажетті құжаттарға қол қою; филиалдың қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуы үшін дербес жауапкершілік

Комплаенс-офицерінің м.а.

С. Оракбаева